

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2015, №1 (2)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA) , A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХЫНАН

Шашаев Ә.К.

(Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан, Алматы)

Тарих ғылымдарының кандидаты

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru)

Андатпа. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәнмәтініндегі білім беру жүйесінің тарихы, әсіресе Ресей империясының отарлауы кезеңіндегі ахуалы қарастырылады. Автор кеңестік тарихнамадағы біржақты, идеологияланған көзқарастарды сынай отырып, тарихи құжаттарды жаңаша пайымдауға шақырады. Мәтінде дәстүрлі мұсылмандық оқу орындарының (мектептер мен медреселер) халықтың рухани дамуындағы және қазақ хандарының мемлекеттілік саясатындағы (идеологиялық база құрудағы) маңызы ашып көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада патшалық Ресейдің Қазақстандағы ағарту ісін отарлау, христиандандыру және орыстандыру құралы ретінде қалай пайдаланғанына терең талдау жасалады. Н.И. Ильминскийдің миссионерлік жүйесі, 1870 жылғы және 1905-1906 жылдардағы Халық Ағарту министрлігінің «бұратана халықтарға» арналған заңдары мен ережелері негізінде, империялық биліктің жергілікті халыққа шектеулі ғана білім беріп, рухани қанауды мақсат еткен стратегиялық ұстанымдары нақтыланған.

Түйін сөздер: ұлттық бірегейлік, дәстүрлі білім беру, мектеп, медресе, отарлау саясаты, орыстандыру, миссионерлік бағыт, Н.И. Ильминский жүйесі, ұлттық мектептер.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Шашаев А.К.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан, г. Алматы)

кандидат исторических наук

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru)

Аннотация В данной статье рассматривается история системы образования в Казахстане в контексте формирования национальной идентичности, с особым акцентом на период колонизации Российской империей. Критикуя односторонние подходы советской историографии, автор призывает к новому осмыслению исторических документов. В работе раскрывается значение традиционных мусульманских учебных заведений (мектебов и медресе) в духовном развитии народа и в государственной политике казахских ханов. Кроме того, проводится глубокий анализ того, как царская Россия использовала сферу просвещения в качестве инструмента колонизации, христианизации и русификации. На основе миссионерской системы Н.И. Ильминского и законов Министерства народного просвещения 1870 и 1905-1906 годов для «иногородцев», обосновывается стратегическая цель имперской власти – предоставление ограниченного образования местному населению для его духовного подавления.

Ключевые слова: национальная идентичность, традиционное образование, мектеб, медресе, колониальная политика, русификация, миссионерское направление, система Н.И. Ильминского, национальные школы.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES

Shashaev A.K.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan, Almaty)

Candidate of Historical Sciences

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru

Abstract This article examines the history of the education system in Kazakhstan within the context of forming national identity, with a particular focus on the period of colonization by the Russian Empire. Critiquing the biased approaches of Soviet historiography, the author calls for a re-evaluation of historical documents. The paper highlights the significance of traditional Islamic educational institutions (mektebs and madrasas) in the spiritual development of the people and in the state policies of the Kazakh khans. Furthermore, the article provides a profound analysis of how Tsarist Russia used education as a tool for colonization, Christianization, and Russification. Based on N.I. Ilminsky's missionary system and the laws of the Ministry of Public Education of 1870 and 1905-1906 regarding "aliens" (inorodtsy), the paper substantiates the imperial government's strategic goal of providing limited education to the local population as a means of spiritual subjugation.

Keywords: national identity, traditional education, mekteb, madrasa, colonial policy, Russification, missionary approach, N.I. Ilminsky system, national schools.

Кіріспе

Қазіргі кездегі Қазақстанда ұлттық бірегейліктің идеологиялық қалыптасуы, егемендіктің нығаюы, көрші мемлекеттермен, халықтармен байланыстың кеңеюі және т.б. болып жатыр. Бұл үдерістердің барлығы да ұлттық рухтың қайта өрлеуі жағдайында, әлемдік және ұлттық-мәдени тәжірибенің дәстүрлі түрде сәйкестенуінде өтуде (мысалы, Еуразияшылдық идеясы). Осыған байланысты екі мәдени жүйе: Еуразиялық және Азиялық жүйенің қақтығысуындағы Қазақстанның рухани-мәдени даму аймағында оның тарихының өзгерісті кезеңіндегі тарихи өткенін зерттеу ерекше маңызға ие болады.

Қазақстанда білім берудің дамуы мәселелері, ерекше жағдайда оның отарлануы кезеңінде зерттелінбеді деп айтуға болмайды. Керісінше, білім беру мәселелерінің әртүрлі қырларына, жекелей алғанда кеңестік тарих ғылымы ерекше көңіл бөлді. Бірақ та зерттеушілердің басым көпшілігі көбінесе бірінғай бағытпен шектеледі, болмаса қандай да бір мұсылмандық, зайырлы немесе зиялылар қауымының ең көрнекті өкілдерінің ағартушылық қызметін зерттеумен шектелді.

Бұдан басқа, белгілі идеологиялық сарынға негізделген зерттелуі де басты сипатқа ие болды. Көптеген мәселелер бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері жан-жақты талдауды, қолда бар құжаттарды жаңадан қарастыру мен сұрыптап шығуды, сонымен қатар бұрын пайдаланылмаған жаңа материалдарды айналымға енгізуді талап етеді.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Қазақстанда бұрын кеңестік тарих ғылымында терең зерттеу нысаны болып табылмайтын мектептер, медреселер, шіркеулік – қауымдық мектептер мәселесі бар еді. Тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру жағдайында біз бұл мәселеге қайта оралуға мүмкіндік алдық, өйткені ол теориялық қана емес, білім беру жүйесін ұйымдастыру тарихында тәжірибелік маңызға ие.

Мұсылмандық қоғам үшін дәстүрлі болып табылатын мектептер мен медреселердегі білім беру жүйесі Қазақстанда Ресейдің отаршылдығына дейін қалыптасқан еді. Бұл үрдіс исламның Орталық Азияға енуімен және оның нығаюымен байланысты болды. Мешіттер

діни және іс жүзіндегі барлық рухани өмірдің орталықтары бола отырып, мұсылмандық табынушылық үшін діни кадрлар даярлауға келіп тірелетін білім берудің кең тарауында үлкен рөл ойнады. Қазақстанның территориясындағы ислам дінінің өзі ортаазиялық хандықтарға қарағанда аздаған көлемде ғана таралған болатын. Көшпелі өмір салты қарапайым қазақтардың арасында мұсылманшылықтың танымал болмауының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Қазақ хандарының өз мемлекеті мен өз кезеңі үшін «Ұлы» билеуші болуға ұмтылуын назарға ала отырып, бұның айтарлықтай дәрежеде оларда идеологиялық база құру үшін итермелегенін байқауға болады, ал бұл жағдай басқарушы билік арасында да, қарапайым халық арасында да рухани нығаю жолын іске асыру арқылы ғана мүмкін еді. Сатұқ Боғра хан, Өзбек хан, Жәнібек хан сияқты хандықтың негізін салушылар мысалында ғана олар жас сұлтандар мен хандарды тәрбиелеу үшін үлгі болып табылады. Сол кезде, «ақсүйектер» өкілдерінің тәрбиесі мен оларға білім берумен жыраулар айналысты, ал XVIII-XIX-шы ғасырларда бұл іспен негізінен қожалар мен молдалар айналысты: «Жалпы алғанда, сауатсыздық, Құранды білмеу, сегіз қырлы (жетілген жеке адам) түсінігіне қарама – қайшы болды және де ақсүйектер аты-жөнін ұстанған ұрпақ тектері үшін ұят нәрсе саналды» [1].

Сондықтан да Қасым хан, Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім және т.б. сияқты қазақ хандары арасындағы білімділік мәселесі заңды құбылыс болып табылды.

Исламның нағыз ұстанушысы Бөкей ордасының билеушісі – Жәңгір хан болды, ол халыққа деген рухани ықпалды өзіне билеуші ру басыларын бағындыруда деп білді. Жәңгір ханның бұйрығы бойынша мешіттер мен молдалардың көбейтілуі халықтың сауаттылығының өсе түсуіне әкелді. Бірақ та шаманизм XIX – ғасыр басында діннің үстемдік етуші формасы болып қалды. Осы кезеңде Хиуа, Қоқанд және Бұқар хандықтары қазақтар арасында, әсіресе оңтүстік облыстарда исламда орнықтыру үшін күш – жігерін жұмсай бастады. Ортаазиялық дін иелері екі мақсатты алдына қойды: қазақтарды бағыныштылықта ұстау және оларды Орта Азияға орыстардың енуіне қарсы қою болды.

Исламдандыру саясатын қазақ халқын рухани жағынан езіп – жаншу мақсатымен патшалық үкімет те жүргізді. Патшалық Ресей Қазақстанды Шығысқа шығатын терезе ретінде қарастырады. Өзінің қарсыластары – ағылшындарды шығыс шектердегі ықпал етудің алдын орауға тырыса отырып, I – Петр патшаның өзі де өзінің татар мырзасы – Тевкелеевке қырғыздарды (қазақтарды) Ресейге қосылуға әкелетін әрекеттер қабылдау туралы жарлық берді және «қандай да болсын үлкен іркілістерге қарамастан» . . . осыны іске асыруды талап етті [2].

Қазақстанды Ресейдің экономикасы мен мәдени ықпал ету аймағына қосудың басында, патша үкіметі өзінің саясатын кеңінен таратушы насихатшыларды қажет етті. Мұндай таратушылар самодержавиенің осы мәселедегі тірегі болып табылған мұсылман дін иелері татарлар бола алатын еді. Саяси мақсаттарды нәтижелі жүргізу үшін үкімет жергілікті халықты өзінің жағына тарту бойынша іс – шараларды жүзеге асырды. Патша үкіметі үшін алдына қойған міндеттерді іске асыруда кішігірім ұлттарды орыстандыру, мұсылмандықтан бас тартқызып, оны православиеліктің пайдасына шешу, маңызды болып табылды. Бірақ та, алға қойған мақсаттарды іске асыруға ұмтыла отырып, жергілікті халықтың менталитетінің ерекшеліктері ескерілмегендіктен, бұл миссионерлік жоспар жүзеге асырылуда үлкен кедергіге тап болды. Патша үкіметіне оларды христиандықтарға мәжбүрлегеннен гөрі, исламды қолдау пайдалырақ екеніне көзі жете бастады. Тілдік тосқауыл отарлау саясатын жүргізу үшін де кесірін тигізді. Қазақстанның жергілікті халқына жақсы түсінікті және қолайлы болып табылған татар тілі патша үкіметінің шығыс шеткері аймақтағы әкімшілік іс – шараларын жүргізудің бір ғана қайнар көзі еді.

Патшайым Екатерина – II одан арғы жаулап алушылық мақсаттарын өмірде табысты жүргізу үшін бірқатар жарлықтар мен өкімдер шығарды. Мысалы, 1786 – жылы қазақ далаларында арнайы училищелер ендіру туралы жарлық шығарып, оның орындалуы барон

Игельстромға жүктеді. Оқытушылыққа «...олар қырғыздарды патшалық үкіметке бағыну рухында тәрбиелеу үшін...» даярланған қазандық татарлар тағайындалды [2.21].

Отарлық кезеңдегі мектеп жүйесінің ерекшелігі халықтың мүддесіне қарама-қайшы болғандығында және әлеуметтік жіктелісті сақтауға тырысқандығында. Мысалы, Ресейдегі дворяндар мен дін басылардың өз мектептері болды: лицейлер, кадет корпусы, діни семинария мен академиялар. Ал қарапайым халықтың балалары бастауыш мектеппен шектелді. Түрлі мектеп атауларының болғанымен, шын мәнінде олар тығырыққа тірейтін, жалғастыруға мүмкіндік бермейтін біліммен шектелді.

Мектеп жүйесінің халыққа қарсы бағытталғандығының бір көрінісі, оның патша үкіметінің қолындағы рухани қанаудың және қазақ халқын орыстандырудың құралына айналғандығы.

Ресейдегі ұлттық мектептер жүйесінің негізі XIX ғ. екінші жартысынан бастау алады.

Орта Азия мен Қазақстанда Ресей өз құрамына қосып алып, Түркістан генерал-губернаторлығын құрған соң (1867 ж. патша өкіметі мен жергілікті билік өкілдері аздаған мектептер жүйесін құруға талпыныстар жасады. 1869 жылы «Бұратана халықтардың білім алуы мәселесі бойынша құжаттар мен баптардың жинағы жарық көрді, ал 1870 жылдың 26 наурызында Халық Ағарту министрлігі ұлттық мектептер туралы «Ресейді мекендеуші бұратана халықтардың біліміне қатысты шаралар» деген алғашқы заңды жариялады. Бұл заңның негізіне Н.И. Ильминскийдің педагогикалық жүйесінің орыстандырушылық және миссионерлік (христиандыру) ұстанымдарының басты қағидалары алынды. Осы заңға сәйкес орыс емес ұлттардың орыс тілін меңгеруінің деңгейіне қарай ұлттық мектептер 3 категорияға бөлінді:

1. Тіпті аз орыстанғандар үшін;
2. Орыстар көп тұратын жерде өмір сүргендер үшін;
3. Жеткілікті түрде орыстанғандар үшін

Бірінші, категориядағы орыс емес тұрғындарға ереже бойынша орыс әрпінен басталған оқулықтарда өз ана тілдерінде оқуға рұқсат беретін бастапқы оқу жүйесі бар мектептер ашу талабы қойылды. Оқушылар орыс тілін меңгергеннен кейін, оқу орыс тілінде жалғастырылуы тиіс.

Екінші, категорияға жататын ұлттық тұрғындар үшін орыс мектептерін ашу ұсынылды. Бұл мектептерде орыс балалары және осы жерде тұратын өзге ұлт өкілдерінің балалары оқитын (Халық ағарту Министрлігі бойынша қаулылар жинағы. 4 том).

Оқыту орыс тілінде жүргізіледі, бірақ та мұғалім жергілікті халықтың тілін білуге тиісті болды. Ана тілді шәкірттер орыс тілін үйреніп алғанша тек ауызекі сөйлесуге ғана пайдалануға рұқсат етілді.

Үшінші категория үшін – яғни «жеткілікті түрде орыстанғандарға», украин және беларустықтарға орыс мектептері ашылды және оқу тек орыс тілінде өткізілді. Ана тілін пайдалануға рұқсат берілмеді.

Жоғарыда айтылған 1870 жылғы 26 наурызда жариялаған заңға және жергілікті қаулыға сәйкес XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанда әр тектер орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Ақмола және Семей облыстарында школ-интернаттар мен бастапқы ауыл шаруашылық училищелері, Торғай мен Оралда ауылдық мектеп, болыстық (бір сыныптық), екісыныптық училищелер, Жетісу мен Сырдария облыстарында – орыс-түзем мектептері, Бөкей Ордасында старшындық және учаскелік училищелер ашыла бастады. Бұл мектептердің барлығы Халық Ағарту Министрлігі мекемелерінің толық бақылауында болды [3].

«Шығыс бұратана халықтарының» білімі мәселесі бойынша Ағарту Министрлігінің шақыртуы бойынша «Ерекше кеңес» өткізілді. Ол 1905 жылдың 10 мамыры мен 3 шілдесі аралығында А.С. Будиловичтің төрағалығымен өтті. Кеңеске халыққа білім берудің қайраткерлері: Н.А. Бобровников, С.В. Смоленский, Н.Я. Яковлев, А.А. Воскресенский, Ф.Д.

Соколов, Н.П. Остроумов, М.А. Мироневті шақырады. Бұлардың басым бөлігі Н.И. Ильминскийдің шәкірттері мен ізбасарлары болатын.

Кеңеске жиналғандар алдында сөйлеген Николай II патша мен Ағарту министрі Глазов орыс емес халықтардың білім жүйесін орыстандыру қажет екендігін атап көрсетті. Кеңеске қатысушылар Орта Азия мен шығыс халықтарына бірдей болып табылатын мектептер жүйесін орнатуды қолдады.

Кеңес төмендегідей ұлттық мектептер жүйесін ұсынды:

1) Бастапқы екі жылдық оқыту курсы бар училище. (Бірінші жылы орыс мектебінің бірінші сыныбына сәйкес келетін).

2) Бір сыныптық училище, 4 жылдық жазғы курсымен.

3) Екі сыныптық училище, 6 жылдық жазғы курсымен.

Мұғалімдерді дайындау үшін педагогикалық оқу орындарының үш түрін ашу көзделді:

1) Ауылдық мектептерге мұғалімдер даярлайтын оқу орны;

2) Екі сыныптық училищелер жанындағы педагогикалық сыныптар;

3) Мұғалімдік мектептер мен семинариялар.

Осы кеңестің ұсынысына сәйкес ұлттық мектептердің жаңа ережесі жасалды, және 1906 жылдың 31 наурызында Ағарту министрі оны бекітті.

Сонымен, «Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінде тұратын бұратана халықтардың бастапқы училищелері туралы ереже» ұлттық мектептерді патшаның орыстандыру саясатының құралы етуге бағытталды.

Ұлттық мектептерге тым шектелген білім беру міндеті қойылды. Оны төмендегі кестеден көруге болады. Бұдағы оқу жоспары соның дәлелі.

Кесте 1. 1906 ж. 31 наурыздағы Ережеге сәйкес бұратана халықтар училищелерінің оқу жоспары:

<i>Оқыту пәндерінің атауы</i>	<i>Бастапқы училище немесе бірсыныптық училищенің I бөлімі</i>	<i>Бірсыныптық училищелердің I бөлімі</i>	<i>Екі сыныптық училище</i>
• Құдай заңы (дінтану)	6	6	4
• Орыс тілі және шіркеулік-славяндық оқыту,	8	12	10
• Табиғи тілдегі білімділік	4	2	2
• Арифметика	4	4	4
• Хаттану	4	2	-
• Орыс тарихы	-	-	2
• География және жаратылыстану	-	-	4
• Сызу және геометриялық мәліметтер	-	-	2
• Ән	4	4	2
Барлығы	30	30	30

Осы Ережеге сәйкес (1906 ж.) мұсылмандық діни мектептер Халық Ағарту Министрлігіне бағындырылды да, мектептерде орыс тілі сыныбының болуы міндеттелді.

Сонымен, XX ғ. басында (1901-1917 жж.) Қазақстан аймағында халыққа білім берудің төмендегідей жүйесі қалыптасты:

Үкіметтік жалпы білім беретін мектептер.

1) Орыс тұрғындарына арналған бастапқы оқу орындары: бір сыныптық және екі сыныптық орыс балалары мен қыздарына және бірге оқитын: жоғары басшылық ерлердің және әйелдердің араластық училищесі.

Орта білім беру оқу орындары: ерлер мен әйелдер гимназия тектестері мен гимназиясы, реальдық училищесі, мариялық училищесі.

2) Қазақ тұрғындарына арналған бастапқы мектептер жүйесі

а) ауылдық мектеп – 2-3 жылдық мерзімі бар бастапқы оқыту мектептері

б) бір сыныптық орыс-қазақ, сонымен қатар қыздар мен балаларға және бірге оқытылатын 4 жаздық курсты орыс-түзем училищелері

в) 6 жаздық ерлер мен әйелдердің екі сыныптық орыс-қазақ училищесі

Кәсіби білім беру оқу орындары:

а) ауылшаруашылық, оған төменгі ауылшаруашылық мектептері мен орман училищелері кіретін. Верный бау-бақша училищесі, Көкшетаудағы сүт шаруашылығы мектебі.

б) қолөнер, оған кіретіндер Торғайдағы Яковлев қолөнер училищесі және Оралдағы қолөнершілер шәкірттерінің училищесі

в) педагогикалық

XX ғ. басында Қазақстанда үкіметтік мектептермен қатар шіркеу-приходтық училищелері, мұсылмандық ескі әдістік және жаңа тәсілдік мектептері мен медреселері болды[4].

1901-1917 жж. аралығында халыққа білім беру ұйымдарының қызметін зерттеудің көрсететіні төмендегідей:

1901 жылы – 700 ден – 2389-ға орыс бастапқы мектептері өсті. Орыс-қазақ мектептері 207-ден 600 мектепке дейін өсті. Ал шәкірттер саны 1898 ж. – 29113 адам, 1916 ж. – 164859 (діни мектептерді қоспағанда) адам.

Орыс-қазақ мектептерінде 1916 жылы – 19 777 қазақ оқыды.

Халыққа білім беру саласындағы біршама алға басушылықтың болғанына қарамастан, Қазақстандағы ағартудың жағдайы қанағаттанарлықсыз болды.

Қазақ балаларының басым бөлігі (96 пайызы) мектептерден тыс қалатын, ал 600 шағын бастапқы мектептер 4 миллиондық қазақ халқының білімге деген қажеттілігін өтей алмады.

Жоғары білімділік мектептер, екі сыныптық 6 жылдық жаздық оқыту курстары өте аз болды, яғни оқу орындарының барлығының 5-6 пайызын құрайтын. Бұл қазақ балаларының білімін жалғастыруға кедергі болды.

1916 ж. Қазақстанда 44 қалалық училищелер мен 17 орта мектеп болды. Бірақ та бұл орта мектептер Қазақстанда тура Ресейдегідей тек ауқатты, дворян немесе шенеуніктер мен алпауыттардың балаларына ғана жол ашты. Оқу ақысының жоғарылығы қарапайым халыққа оқуға мүмкіндік бермеді.

Отарлық кезеңде Қазақстанда жергілікті халыққа арналған, өз ана тілінде білім алатын бірде-бір оқу орны ашылмаған еді.

Қазақтардағы мектептер мен медреселердің өсуі мен дамуы жайында нақты мәліметтер жоқ. Расында, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында жарық көрген Қазақстанның жекелеген облыстарының статистикалық шолуларында біраз сандық мәліметтер беріледі, бірақта олар толық емес және дәлдік жағы да ақсап жатады. Н. Сәбитов осыны айта келе, сол мәліметтерден үзінді береді: «Жетісу облысы бойынша 1891 ж. 1251 оқушысы бар 64 мектеп пен медресе болды (Жетісу облысы бойынша шолу, 80 б.), ал 1895 ж. – 9086 оқушысымен 74 (осы облыс бойынша 1895 ж. шолу, 26 б.), 1897 жылы – 12835 оқушысымен 88 мектеп пен медресе болды (1897 ж. шолу, 20 б.).

Семей облысында 1884 ж. 615 оқушысы бар 10 мектеп пен медресе бар (Семей облысы бойынша 1884 ж. шолу, №8 ведомость), ал 1888 ж. – 761 оқушысымен 12 (1888 ж. №8 ведомость), 1895 ж. – 900 оқушысымен 17 (1895 ж. шолу, №8 ведомость) мектеп пен медресе болды.

Торғай облысында 1894 ж. – 457 оқушысымен 59 мектеп пен медресе бар еді. Ал, 1911 ж. – 340 оқушысымен 13 (1911 жылғы бастауыш мектептердегі күндік санақ нәтижесі, XVI шығарылым, 138 б.) мектептер мен медреселер болды.

Ақмола облысында 1896 ж. – 547 оқушысы бар 13 мектеп пен медресе болды (Орал облысы бойынша 1896 ж. шолу, №12 ведомость), ал 1897 ж. – 4113 оқушысымен 198 мектеп пен медресе бар еді (1898 ж. шолу, №14 ведомость).

Сырдария облысында (Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездері, сонымен бірге Әмудария бөлімін қосқанда) 1892 ж. – 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе болды (Сырдария облысы бойынша 1892 ж. шолу, 171 б.), ал 1893 ж. – 28868 оқушысымен 2458 мектеп пен медресе болған (1893 ж. шолу, 127 б.), 1895 ж. – 28898 оқушысы бар – 2409 мектеп пен 34 медресе болды (1895 ж. шолу, 165 б.) [5].

Н. Сәбитов жоғарыдағы мәліметтерді талдай келе, мектептер мен медреселер жайындағы мәліметтердің әр түрлі екендігін айтады. Бір облыстар бойынша толық болса, екіншісі бойынша мардымсыз деп атап көрсетеді.

Ал, олардың Сырдария облысындағы көп болғандығын оның құрамына – Әулиета, Перовск, Шымкент, Перовск, Түркістан және Қазалы уездерімен қатар Ташкент уезі мен Әмудария бөлімі (орталығы Петро-Александровск (қазіргі Төрткүл, Қарақалпақстандағы) қаласы болған Әмударияның төменгі ағысында орналасқан әкімшілік бірлік) кіргендігін, бұл жерлерде медреселер мен мектептері көп болуын отырықшы өзбектер мен т.б. тұрғындардың басымдығымен түсіндіреді. Дәл осы Сырдария облысындағы мектептер мен медреселерді зерттей келе, Қазақстанның таза қазақтар тұратын жерлерінде нақты мәнінде аз болды, олардың саны ірі елді мекендер мен қалалардағы татар мектеп, медреселердің қосылуымен көбейтіліп берілгендігі секілді.

Сонымен, қорыта айтатын болсақ, қазақ жеріндегі орыс-қазақ мектептерінің ашылуының басты мақсаты – жергілікті халықтың мүддесімен санасқандықтан емес, ең алдымен орыс ұлтының мүддесіне, патшалық Ресей өкіметінің қажетіне сай ашылған еді. Әрине, бұл мектептердің белгілі дәрежеде ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына, алдыңғы қатарлы ағымдармен, ғылыми жетістіктермен танысуға мүмкіндік бергендігін де жоққа шығаруға болмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Нуртазина Н. Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. Алматы, 2000., с. 203.
2. Климович Л. Ислам в царской России. М. 1936.- 87 с.
3. Материалы для статистики Туркестанского края. СПб, 1876. Вып. IV. – С.116.
4. Керенский Ф. Наши учебные заведения // Журнал Министерства народного просвещения. 1892. - №11. – С.21
5. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов (историко-педагогический очерк). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. – 94 с. – С.8.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫСЫ	8
Атығаев Н.А. БИЛІКТІҢ КЕЙБІР СИМВОЛДАРЫ ТУРАЛЫ (ТАҚ ПЕН ТӘЖ: МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНАН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН)	14
Атығаев Н.А. «ТАРИХ-И АЛФИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА	33
Жеңіс Ж. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС	39
Жұбанышов Б.Т., Қаипбаева А.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІН ОТАРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	45
Жүнісбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ (1928-1931 ЖЖ.) (қайраткердің 125-жылдық мерейтойына орай)	49
Жылқышыбаева Қ.Қ., Қаипбаева А.Т. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	64
Ксенжик Г.Н. ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР	76
Қаипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ 1941-45 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ	83
Несіпбаева Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АДАСУШЫЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ	90
Нұрманова А.К. ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ ОРАЛ БӨЛІМШЕСІ ҒЫЛЫМИ-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ	96
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	106
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	116
Өскембаева Г.Ж. ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	122
Смағұлова С.О. АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	137
Раисов Қ.Д., Қаипбаева А.Т. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ	154
Торланбаева К.У. ОҚИҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАЛАР: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ	161

Төлебаев Т.Ә.

П.Г. ГАЛУЗО ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ 170

Шашаев Ә.К.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ТАРИХЫНАН 180

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т.	
КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКИХ РАБОЧИХ В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД	8
Атыгаев Н.А.	
О НЕКОТОРЫХ СИМВОЛАХ ВЛАСТИ (ТРОН И КОРОНА: ОТ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ К КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ)	14
Атыгаев Н.А.	
О ЦЕННОСТИ СВЕДЕНИЙ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АЛФИ» В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	33
Женис Ж.	
ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА	39
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т.	
СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КОЛОНИЗАЦИИ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА	45
Жунисбаев А.	
САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ПЕРВЫЙ РЕКТОР КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1928-1931 ГГ.) (к 125-летию со дня рождения деятеля)	49
Жылкышыбаева К.К., Каипбаева А.Т.	
ВОССТАНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (КОНЕЦ XIX – СЕРЕДИНА XX ВВ.)	64
Ксенжик Г.Н.	
ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК	76
Каипбаева А.Т., Бурханов Б.Б.	
САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД ИЛЬЯСА ОМАРОВА НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ В 1941-45 ГОДАХ	83
Несипбаева Ж.Ж.	
ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ГРАНИ ИСТИНЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ	90
Нурманова А.К.	
УРАЛЬСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КРАЯ КАК ЦЕНТР НАУЧНО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	96
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О ДРЕВНИХ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ НА ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ	106
Ошан Ж.	
ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»	116
Оскембаева Г.Ж.	
ГОЛОД В КОСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	122
Раисов К.Д., Каипбаева А.Т.	
ГУМАНИСТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» АБАЯ ...	154
Смагулова С.О.	
ГОЛОД В АКТЮБИНСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	137
Торланбаева К.У.	
СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ: К ИСТОРИИ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАГАНАТА ВОСТОЧНЫХ ТЮРКОВ	161

Тулєбаєв Т.А.

П.Г. ГАЛУЗО О КАПИТАЛИЗМЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТЯХ В КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ 170

Шашаев А.К.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ. 180

CONTENTS

Abdulina A.T.	
CULTURE AND EVERYDAY LIFE OF KAZAKH WORKERS IN THE POST-WAR PERIOD	8
Atygayev N.A.	
ON CERTAIN SYMBOLS OF POWER (THRONE AND CROWN: FROM THE MONGOL EMPIRE TO THE KAZAKH KHANATE)	14
Atygayev N.A.	
ON THE VALUE OF THE DATA IN THE WORK "TARIKH-I ALFI" IN RESEARCHING THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE	33
Zhenis Zh.	
THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE	39
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T.	
STRATEGIC GOALS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE COLONIZATION OF THE SYR DARYA REGION	45
Zhunisbayev A.	
SANZHAR ASFENDIAROV – THE FIRST RECTOR OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY (1928-1931) (dedicated to the 125 th anniversary of the public figure)	49
Zhylykyshbayeva K.K., Kaipbaeva A.T.	
THE UPRISING OF KENESARY KASYMULY IN THE RESEARCH OF RUSSIAN SCHOLARS (LATE 19TH – MID-20TH CENTURY)	64
Ksenzhik G.N.	
INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK	76
Kaipbayeva A.T., Burkhanov B.B.	
ILYAS OMAROV'S SELFLESS WORK ON THE LABOR FRONT IN 1941-45	83
Nesipbaeva Zh.Zh.	
FOREIGN HISTORIOGRAPHY OF THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE FACETS OF TRUTH AND DELUSION	90
Nurmanova A.K.	
THE URAL BRANCH OF THE SOCIETY FOR THE STUDY OF THE KAZAKH REGION AS A CENTER FOR SCIENTIFIC AND LOCAL HISTORY ACTIVITIES	96
Oshan Zh.	
RESEARCH BY CHINESE SCHOLARS ON ANCIENT CENTRAL ASIAN WRITTEN DOCUMENTS IN INDO-EUROPEAN LANGUAGES	106
Oshan Zh.	
STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS	116
Oskembayeva G.Zh.	
FAMINE IN THE KOSTANAY REGION (1921-1922)	122
Raisov K.D., Kaipbayeva A.T.	
THE HUMANISTIC ESSENCE OF ABAY'S IDEA OF THE «PERFECT MAN»	154
Smagulova S.O.	
FAMINE IN THE AKTOBE REGION (1921-1922)	137
Torlanbayeva K.U.	
EVENTS AND PERSONALITIES: ON THE HISTORY OF THE REVIVAL OF THE EASTERN TURKIC KHAGANATE	161

Tulebaev T.A.

P.G. GALUZO ABOUT CAPITALISM AND ITS FEATURES IN THE KAZAKH EARTH 170

Shashaev A.K.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES 180

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2015. 1 (2)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2015.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 15,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй